ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 14 желтоқсан №7119-23-00-2/14145 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Шырын Ержанкызы Акан тұлғасындағы «DUVANBEKOV» ЖК
2. Гулбаршын Кенжебаевна Ибадуллаева тулғасындағы «Али» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Айыппұлды өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

Шырын Ержанкызы Акан тұлғасындағы «DUVANBEKOV» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шырын Ержанкызы Акан тұлғасындағы «DUVANBEKOV» ЖК-нен «ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК пайдасына 58 560 (елу сегіз мың бес жүз алпыс) теңге айыппұл, 1757 (бір мың жеті жүз елу жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шырын Ержанкызы Акан тұлғасындағы «DUVANBEKOV» ЖК-нен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Гулбаршын Кенжебаевна Ибадуллаева тулғасындағы «Али» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Гулбаршын Кенжебаевна Ибадуллаева тулғасындағы «Али» ЖК-нен «ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК пайдасына 23 800 (жиырма үш мың сегіз жүз) теңге айыппұл, 714 (жеті жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Гулбаршын Кенжебаевна Ибадуллаева тулғасындағы «Али» ЖК-нен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 14.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.02.2024, судья Утегенова А. М., 29.02.2024

7119-23-3-1/13972